

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 3648 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 тамыздағы N 276

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңын және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1997 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 3648 U973648_ Жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

шақыру комиссиясының жұмысын ұйымдастырсын және 1997 жылдың қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді қамтамасыз етсін;

темір жол стансаларында жас лекті жинау және әскерге жөнелту орындарында күшейтілген кезекшілік орнатсын;

командаларды жинау және қызмет өткеру орындарына жөнелту мен алып баруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әскерге шақыру пункттерін медициналық жағынан қамтамасыз етуді, сондай-ақ шақырылғандарға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған және әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 3648 Жарлығының талаптарын орындау жөнінде әскерге шақырылған жастар арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды жандандырсын.

5. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат жөніндегі Ұлттық агенттігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы, Білім және мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға әзірлік пен оның

жүргізілуін көрсетсін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында қызмет өткеруді кеңінен түсіндірсін, азаматтардың өздерінің конституциялық борышын орындауы жөнінде насихат жұмыстарын жүргізісін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК